

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». – 2023 .- Т.І, Ч.І.- Б. 249-250.

ӘОЖ 633.52:665.117(0837)(045)

«ЗЫҒЫР КҮНЖАРАСЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАМАНЫ ТАЛДАУ»

*Ниязбекова Р.К., т.ғ.д., профессор м.а.,
Ибжанова А.А., магистр, аға оқытушы,
Ортай А.А., 2 курс магистранты*

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ.

Қазіргі таңдағы ауыл шаруашылығындағы ең негізгі мәселелердің бірі зығыр күнжарасының қасиеттерін зерттеу, оны тағамдық қоспа ретінде пайдалану үшін реттелетін сапа және қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтау болып табылады.

Майлы дақылдар тұқымдарын өсіруге арналған «Майлы зығыр тұқымдары сұрыптық және егістік сапалары» Техникалық шарттар - ҚР СТ 1361-2005 стандарты қолданылады. Осы стандарт Қазақстан Республикасында майлы тұқымдарды себуге және өсіруге, сондай-ақ дақылды өндіру мен жақсартуға арналған майлы зығыр тұқымдарына таратылады және олардың сұрыптық және себілу сапасына қойылатын талаптарды белгілейді. Стандарт ережелері генетикалық түрі өзгертілген майлы зығыр тұқымдары сұрыптарына таратылмайды. Майлы зығыр тұқымы сұрыптық және егілу сапалары бойынша осы стандарт талаптарына сәйкес келуі және осы дақылдың нақты топырақ-климаттық жағдайларда ең жоғарғы өнімділікті қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өсірілуі тиіс. Майлы зығыр тұқымы сұрыптық тазалығы бойынша екі санатқа бөлінеді.

1-кесте. Майлы зығыр тұқымының санаттары бойынша сұрыптық тазалығы

Санаты	Сұрыптық тазалығы, %, кем емес
I	99,6
II	98,0

Майлы зығыр тұқымында:

- белгіленген тәртіппен бекітілген тізбеге сәйкес, карантиндік объектілердің (арам шөптердің, тұқымдардың, жемістердің, зиянкестер мен аурулардың) болуына;

- саны 1 кг тұқымға 20 данадан аспаса 3-ші сыныпты тұқымдарда болуына рұқсат етілетін кенелерден басқа, майлы зығыр тұқымын зақымдайтын тірі зиянкестер мен дернәсілдердің болуына рұқсат етілмейді. Осы стандарт «Тұқым

шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (8.02.2003 жылғы № 385-ІІ) негізінде жасалған.

Кеден одағының «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 021/2011 техникалық регламенті талаптары бойынша зығыр күнжарасы қосылған тамақ өнімдернің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар негізге алынады. Осы техникалық регламентті қолдану кезінде тамақ өнімдеріне олардың таңбалануына, орау материалдарына, өнімдерге және тамақ өнімдерімен жанасатын тамақ өнімдерін өндіруге арналған жабдықтарға қатысты Кеден одағының тиісті техникалық регламентінде белгіленген талаптар ескерілуге тиіс. Осы техникалық регламентті қабылдаудың негізгі міндеттері: адам өмірін және (немесе) денсаулығын қорғау және қоршаған ортаны қорғау.

Осы техникалық регламент талаптарына сәйкес зығыр күнжарасының қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтау жүргізілді. Күнжараның органолептикалық көрсеткіштері – сыртқы түрі, түсі, иісі, күңгірт қосындылардың болуы – ГОСТ 13979.4-68 бойынша анықталды [1]. Органолептикалық көрсеткіштер бойынша зығыр күнжарасы осы талаптарға сай болуы керек: түсі - сұрдан ашық қоңырға дейін; иісі - зығыр күнжарасына тән, бөтен иіссіз күйдірілген.

ГОСТ 10974-64 зығыр күнжарасына арналған техникалық шарттарды қамтиды. Ауыл шаруашылығында мал азығы ретінде 1965-1996 жылдар аралығында қолданылды. 1996 жылдан бастап ГОСТ 10974-95-ке ауыстырды. Бұл стандарт алдын ала өңделген зығыр тұқымдарынан бұрандалы престерде майды басу арқылы алынған зығыр күнжарасына қолданылады. Зығыр күнжарасы малдың рационына тікелей енгізу арқылы (фермер қожалықтарында, фермаларда) жемдік мақсаттарға және әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындарда жем өнімдерін өндіруге арналған. Өнімдерге қойылатын міндетті талаптар олардың өмірі, жануарлардың денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Зығыр күнжарасы осы стандарттың талаптарына сәйкес белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық регламентке сәйкес өндірілуі керек. Зығыр күнжара қабықшалар немесе ұсақталған түрінде шығарылады. Зығыр күнжарасын өндіру үшін майлы зығыр тұқымдары ГОСТ 10582 бойынша қолданылады. Зығыр күнжарасы көліктің осы түріне қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық көлік түрлерімен тасымалданады. Өндіруші тасымалдау және сақтау шарттарын ескере отырып, зығыр күнжарасының осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Зығыр күнжарасының кепілді сақтау мерзімі 1,5 ай [2,3].

Шетелде, соның ішінде Америкалық халықаралық қоғам стандарттарын және зығыр дәнінің EN стандарттарын зерттей отырып мынадай қорытынды жасауға болады: Америкалық халықаралық қоғам стандарттары нарық қажеттіліктеріне және қызметтер, өнімдер мен жүйелердің сапа сипаттамаларына бағытталған. EN стандарттары Еуропалық Одақ және ЕҒТА Еуропалық еркін сауда қауымдастығы бекіткен спецификацияларды жасауға арналған мамандандырылған институттарға жатады.

Техникалық талаптарды жүйелеу үшін де, салалар арасындағы байланысты жақсарту және нарықтық қатынастарды дамыту үшін де спецификациялар әзірленеді. Еуропалық EN стандарттары кеңес беру сипатында қолданылады[4].

Зығыр күнжарасын пайдалану бойынша Қазақстан елінде қолданылатын стандарттар осы екеуі, болашақта зығыр күнжарасын тамақ өнімдеріне қосу арқылы жаңа өнім алып елде жаңа стандарттар енгізу мәселесі қарастырылуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Официальное издание Комбикорма. Часть 6. Жмыхи, шроты и горчичный порошок. Дрожжи. Методы анализа: Сб. ГОСТов. - М.: ИПК Издательство стандартов, 2002.

2. Официальное издание Комбикорма. Часть 2. Жмыхи и шроты. Технические условия: Сб. ГОСТов. -М.: ИПК Издательство стандартов, 2002.

3. Materials of the XVII international scientific and practical conference, 30 January – 07 February 2021, С.20-29.

4. Усербаев М.Т., Кокаева Г.А., Конканов М.Д. // Ash deposits, CHP - as an additional source of raw material for construction production // Chemical Engineering Transactions, Volume 70, 2018, Page 649-654.